

ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ

Арыз үлгісін оқып, мәтіндегі соңғы сөйлемге фонетикалық талдау жасаңыз.

КӨРІСКЕНШЕ КҮН ЖАҚСЫ!

Қосымшалардың жалғану емлесі

Жаңа сабақ

Қосымша – түбірге жалғанып, оның лексикалық немесе грамматикалық мағынасын өзгертетін, сөздерді өзара байланысқа түсіретін морфема. Мағыналық, тұлғалық дербестігі, арнаулы лексикалық мағынасы жоқ. Сөздерден бөлек, жеке қолданыста болмайды, түбір сөзге тіркесіп қана қолданылады. Қосымшалар түбірге белгілі бір грамматикалық категорияларға тән заңдылықтар бойынша жалғанады. Түбір сөзбен дыбыстық, әуездік жағынан үйлесіп тұрады. Бір қосымша әр түрлі түбірге жалғанғанмен, түрлі мағына бермейді.

Мысалы:

қазық + ы - қазығы, тілек + і - тілегі, мектеп + і - мектебі, сабақ + ы - сабағы, күрек + і - күрегі, себеп + і - себебі т. б. 4. Тырнақшамен жазылатын сөздерге, атауларға

Жазылым.

Тиісті жалғауларды қосып, сөйлемдерді реттеп жазыңыз.

отыр/Санжар/орындықта. *Санжар орындықта отыр.*

Астана/ мен/ тұрғанмын.

бармақ/теарт/қызым/кешке

көрсетпек/сахна/өнер/Арман

келді/саған/Нұрдәулет/жаңа

кеше/іздеп/кешке/келген/сені/олар/болатын

сендер/директор/жатыр/шақырып

қар/түн/кетті/еріп

алмақ/Сәкен/салон/машина

Әке – асқар тау, ана -бұлақ,
бала – жағадағы құрақ.(мақал)

Отец – могучая гора, мать –
чистый родник, дети –
молодой стебель

Мақалды жаттап ал.

ОҚЫЛЫМ.

Отбасы тәрбиесі

Отбасы – адамның алтын ұясы, өйткені адам өз отбасында ұрпақтарын тәрбиелеп өсіреді. Отбасы мүшелерінің бірі үлкен, бірі кіші болса да, олардың ортақ мақсаты, ортақ міндеті бар.

Отбасы – шағын мемлекет тәріздес, сол себепті де әр отбасының өз дәстүрі, саясаты, қаржысы болады. Қазақ отбасында әке – әулет басшысы. Ол – өз ұрпағының қамқоршысы, олардың тәрбиешісі.

Әр бала өз отбасында тәрбиеленеді. Оның ақылы мен ойы, намысы мен ұяты, адамдармен қарым – қатынасы отбасында қалыптасып отырады.

Әке – шешенің үйі «қара шаңырақ» деген ұғыммен байланысты. Сондықтан балалары оны біздің «үлкен үйіміз», «қара шаңырағымыз» деп атайды. Ал осы қара шаңырақтан тараған ұлдардың үйі «отау үй» деп саналады.

Қазақ халқы: «әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», - деген. Қазақ отбасында қыз бала тәрбиесіне ерекше назар аударады. Қыздың тәрбиесіне анасы жауапты болады.

Ал әкенің мінез – құлқы, оның өнері мен білімі, басқа адамдармен қарым – қатынасы үнемі ұл балаға үлгі болған, сондықтан ол атасы мен әкесінің өнегелі ақылдарын тыңдап, олардың ізгі іс – әрекеттеріне қарап өскен. Әке – шеше – өз балаларының тәрбиешісі, ақылшысы және қамқоршысы. Олар – мейірімді адамдар.

Мәтін бойынша сұрақтар:

«Ұрпақ», «отбасы», «әулет» деген ұғымдарды қалай түсінесіз?

Отбасының ортақ мақсаты мен міндеті бола ма?

Отбасы – шағын мемлекет пе? Қалай ойлайсыздар?

Әке – асқар тау, ана -бұлақ, бала – жағадағы құрақ.(мақал)

Отец – могучая гора, мать – чистый родник, дети – молодой стебель

Қыз баланың тәрбиесіне кім жауапты? Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі қандай?

Өмірдің мәні

Бірде ұстаз сабақ үстінде шыны құтыны алып, оны ірілеу тастармен толтырады. Сосын студенттерге қарап: «Құты толды ма?» – деп сұрайды. Студенттер: «Иә!» – деп жауап береді. Сонда ғалым құтының үстіне ұсақтау тастарды салып, ірі тастардың арасын майда тастармен толтырады да, тағы да студенттерден: «Құты толды ма?» – деп сұрайды. Студенттер құтының толғанын айтады. Құтыны құммен толтырғанда, ірілеу және ұсақтау тастардың арасындағы барлық қуыстары түгелдей толады.

Ұстаз студенттерге қарап: «Міне, құты енді толды. Мұнда бос орын жоқ. Мен осы құтының сіздердің өмірлеріңізге ұқсас екенін түсінсеңіздер деймін. Ірілеу тастар өмірлеріңіздегі ең маңыздысы: отбасы, достарыңыз, денсаулығыңыз, балаларыңыз. Одан кейін салынған ұсақтау тастар өмірдегі жанама саналатын жұмыс, үй, автокөлік және тағы басқа заттар. Ал құм өзіміз айтатын «өмірдің ұсақ-түйектері».

Егер сіздер, алдымен, құтыны құммен толтырсаңыздар, онда ірілеу және ұсақтау тастарға орын қалмас еді. Өмірде де солай. Егер сіз барлық күш-қуатыңызды ұсақ түйектерге жұмсасаңыз, онда ешқашан маңызды заттарға уақыт таба алмайсыз, олар үшін орын қалмайды. Сондықтан өз бақытыңыз үшін маңызды болып саналатын нәрсеге назар аударыңыз. Шын мәнінде бағалы болып табылатын нәрселерге қамқор болыңыздар. Әрі өмірдегі қалған нәрселердің барлығы құм екенін ұмытпаңыздар.

Жазылым

АНТОНИМ

Сөз

СИНОНИМ

Жанжалдасу

Татуласу

Таза

Дос

Шындық/шын

Сұрақтарға жауап беріңіз.

- ❖ Неге әңгіме «Өмір маңызы» деп аталды деп ойлайсыз?
- ❖ Егер сіз мақала авторы болсаңыз, қалай атар едіңіз?

Сөйлемдердің дұрыс/қате екенін анықтаңыз.

Отбасы, құрбы-құрдас және туыстарыңыз өмірдегі ең маңызды нәрселер.

Құтыны толтыру үшін ең соңында тастарды салды.

Өмірдің мәнін түсіндіру үшін мұғалім студенттерге өмірдегі маңызды нәрселер туралы мысал келтірді.

Адам бақытты болу үшін өзі құнды санайтын заттарға мән беруі керек.

Ұстаздың бірінші сұрағы: «Құты толды ма?» болды.

Дұрыс

Қате



Берілген сөздердің біреуін таңдап алып, ол сөздің өмірдегі маңызы туралы айтып беріңіз.

Әке-шеше, дос, елге пайдалы болу, денсаулық.

1-жағдаят

Биылғы жыл – Жасұлан үшін өте қуанышты жыл. Ол «Жас отбасы» мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы бойынша 2 бөлмелі пәтер алды. Алғашында қуанышында шек жоқ еді. Алайда 1 ай өтпей жатып, тұрғын үйдің олқылықтары шыға бастады. Біріншіден, лифт істемейді. Екіншіден, ыстық су жоқ. Үшіншіден, суық су ішуге жарамайды. Үйдің алдында балалар ойнайтын жер жоқ, үйге қарай жүретін жолдың бойында шам орнатылмаған. Тіпті, бұл ауданға автобус та қатынамайды. Жасұлан қалалық әкімдікке шағымдануға бел буды.

Жасұланға қалалық әкімдікке Шағымхат мәтінін жазуға көмектесіңіз.

Шағымхат құрылымы:

- 1. Кімге жазылғаны (мекеменің толық атауы, лауазымы, аты-жөні, дәрежесі/атағы).*
- 2. Кімнің жазғаны: (мекенжайы, қызметі, лауазымы, аты-жөні).*
- 3. Құжат атауы (арыз).*
- 4. Негізгі мәтін.*
- 5. Жазылған мерзімі.*
- 6. Арыз иесінің қолы немесе арыз мазмұнымен келісушілердің қолы.*

Сөздерге дұрыс жалғауды қой

кітап

де

қағаз

ды

әлем

ке

қызмет

шы

жұмыс

лер

дәрігер

тар

Үйге тапсырма

Тіл – қай ұлтта, қай ел... болсада қастер... , құдырет... . Ол әрбір адам... ана сүтімен бірге еніп, қалыптаса... . Тіл байлы... - әрбір елдің ұлт... мақтанышы. Ол ата... балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығын... қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұру... тиіс. Ана тілі – ең басты байлығымыз. Ана тілі - ең ұлы мен тамаша тіл. Мен... ана тілім - қазақ тілі. Қазақ тілі – мемлекет... тіл. Бұл - ауыр тіл, бірақ әрбір құрметті азамат... оны білу керек. Ана тілі - халық боп жасаған... бері жан дүниеміз... айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі,- деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүй... әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігі... мақтаныш сезім... болуы керек.

Мәтінді жалғауларын дұрыс
қойып жазыңыз

Бірге ән шырқайық!



ánArna

1. Ән ұнады ма?

2. Ән не туралы?

**3. Әйел теңсіздігі туралы
не ойлайсыз?**